

Өзін-өзі қорғау қаруларының, өзін-өзі қорғау қаруына жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондардың зақымдағыш факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілетін нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 8 ақпандағы N 55 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 18 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5139 болып енгізілді.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 1) тармақшасына сәйкес және "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысының 5-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) жарақат салатын патрондары бар атылатын тегіс ұзын ұңғылы өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары;
- 2) жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар атылатын ұңғысыз өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары;
- 3) газды өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары;
- 4) электрлік өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары;
- 5) жарақат салатын патрондары бар өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары;
- 6) газбен әсер ететін патрондары бар өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары;
- 7) сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары бекітілсін.

2. Емдеу-алдын алу ісі департаменті (Исмаилов Ж.Қ.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Мұхамеджанов Ж.М.) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

" К е л і с і л г е н "

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
І ш к і і с т е р м и н и с т р і*

2008 жылғы 8 ақпан

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы N 5 5

бұйрығымен бекітілген

**Жарақат салатын патрондары бар атылатын тегіс ұзын
ұңғылы өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу
факторларының адамға әсер етуінің рұқсат
етілген нормалары**

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта жарақат салатын патрондары бар атылатын тегіс ұзын ұңғылы өзін-өзі қорғау қаруынан ату адам денсаулығына орта және ауыр дәрежеде зиян келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта жарақат салатын патрондары бар атылатын тегіс ұзын ұңғылы өзін-өзі қорғау қаруынан ату адамның кемінде 30 минутқа белсенді әрекетке қабілетін жоғалтуы тиіс.

М ы н а л а р ғ а :

- 1) бір метрден аз қашықтықта атуға;
- 2) айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға, жүкті әйелдер мен балаларға атуға;
- 3) жарақат салатын патрондармен бас пен мойынға көздеп атуға тыйым салынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы N 5 5

бұйрығымен бекітілген

**Жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен
әсер ететін патрондары бар атылатын ұңғысыз
өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының
адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары**

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар атылатын ұңғысыз қарудан ату адам денсаулығына орта және ауыр дәрежеде зиян келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар атылатын ұңғысыз қарудан ату адамның кемінде 30 минутқа белсенді әрекетке қабілетін жоғалтуы тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінің артынан 0,5 метрден аса қашықтықта газды әсер ететін патрондары бар атылатын ұңғысыз қарудан ату жас ағызғыш тітіркендіру заттары әсерінің есебінен бағытты зақымдауға әкелмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінің артынан 0,5 метрден аса қашықтықта сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар атылатын ұңғысыз қарудан ату жарықты сәулелендіру мен акустикалық қысымның есебінен бағытты зақымдауға әкелмеуі тиіс.

М ы н а л а р ғ а :

- 1) бір метрден аз қашықтықта атуға;
- 2) айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға, жүкті әйелдер мен балаларға атуға;
- 3) жарақат салатын патрондармен бас пен мойынға көздеп атуға тыйым салынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы N 5 5

бұйрығымен бекітілген

Газды өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар газды қарудан ату адам денсаулығына орта және ауыр дәрежеде зиян келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта Жарақат салатын, газбен және сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар газды қарудан ату адамның кемінде 30 минутқа белсенді әрекетке қабілетін жоғалтуы тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінің артынан 0,5 метрден аса қашықтықта газбен әсер ететін патрондары бар газды қарудан ату жас ағызғыш тітіркендіру заттары әсерінің есебінен бағытты зақымдауға әкелмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінің артынан 0,5 метрден аса қашықтықта сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар газды қарудан ату жарықты сәулелендіру мен акустикалық қысымның есебінен бағытты зақымдауға әкелмеуі тиіс.

0,5 метрден аса қашықтықта жас ағызғыш тітіркендіру заттарымен қамтылған механикалық бүріккіштерді, аэрозолдар мен басқа да керек-жарақтарды қолдану адамға орта және ауыр дәрежедегі дене зақымын келтірмеуі тиіс.

0,5 метрден аса қашықтықта жас ағызғыш тітіркендіру заттарымен қамтылған механикалық бүріккіштерді, аэрозолдар мен басқа да керек-жарақтарды қолдану

адамның кемінде 30 минутқа белсенді әрекетке қабілетін жоғалтуы тиіс.

М ы н а л а р ғ а :

- 1) бір метрден аз қашықтықта газды қарудан атуға;
- 2) айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға, жүкті әйелдер мен балаларға газды қ а р у д а н а т у ғ а ;
- 3) газды қарудан жарақат салатын патрондармен бас пен мойынға көздеп атуға тыйым салынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы N 5 5

бұйрығымен бекітілген

Электрлік өзін-өзі қорғау қаруының адамға зақым келтіру факторларының рұқсат етілген әсер ету нормалары

Электрлік қару мен электр қуатын пайдалануға негізделген жарақаттайтын әсері бар өзге де заттарды қолдану электрлік разряд әсерінің есебінен адам денсаулығына орта және ауыр дәрежедегі зиян келтірмеуі тиіс.

Электрлік қару мен электр қуатын пайдалануға негізделген жарақаттайтын әсері бар өзге де заттарды қолдану адамға орта және ауыр дәрежедегі дене зақымын келтірмеуі т и і с .

Электрлік қару мен электр қуатын пайдалануға негізделген жарақаттайтын әсері бар өзге де заттарды қолдану адамның кемінде 30 минутқа белсенді әрекетке қабілетін ж о ғ а л т у ы т и і с .

Бір рет әсер ету кезінде организмдегі өзгерістердің шекті рұқсат етілген деңгейі:

- 1) естен танбай (электрлік зақым келтірудің бірінші дәрежесі) бұлшық еттердің т ы р ы с ы п ж и ы р ы л у ы ;
- 2) қимылдық белсенділіктің кемінде 15 минут бойы қысқаруы;
- 3) кемінде 30 минут бойы ритмі бұзылмай жүрек жиырылуы жиілігінің өзгеруі;
- 4) кемінде 30 минут бойы демалу жиілігінің өзгеруі;
- 5) электродтар байланысы аясындағы тері жабындарының орташа айқын зақымдар.

М ы н а л а р ғ а :

- 1) айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға, жүкті әйелдер мен балаларға қ о л д а н у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы ;
- 2) электрлік қаруды қолдану кезінде жүрек, бас және сәулелік тораптар аясында электродтардың байланысынан аулақ болған жөн.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы N 5 5

бұйрығымен бекітілген

Жарақат салатын өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің (соққы-ауырсыну түріндегі әсер ету) рұқсат етілген нормалары

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде жарақат салатын патрондардың соққы беру-ауырсыну әсерінің есебінен адам денсаулығына орта және ауыр дәрежедегі зиян келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде жарақат салатын патрондардың адамға орта және ауыр дәрежедегі дене зақымын келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде адамның кемінде 30 минутқа белсенді әрекетке қабілетін жоғалтуы тиіс.

Мыналарға :

1) бір метрден аз қашықтықта кез-келген қарудың түрінен жарақаттайтын патрондармен атуға ;

2) айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға, жүкті әйелдер мен балаларға кез-келген қарудың түрінен жарақаттайтын патрондармен атуға ;

3) жарақат салатын патрондармен бас пен мойынға көздеп атуға тыйым салынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы N 5 5
бұйрығымен бекітілген

Газбен әсер ететін патрондары бар (жас ағызғыш тітіркендіру әсері бар түрі) өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде газбен әсер ететін патрондар жас ағызғыш тітіркендіру әсерінің есебінен адам денсаулығына орта және ауыр дәрежедегі зиян келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде газбен әсері бар патрондар адамға орта және ауыр дәрежедегі дене зақымын келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде газбен әсер ететін патрондар адамның кемінде 30 минутқа белсенді әрекетке қабілетін жоғалтуы тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінің артынан 0,5 метрден аса қашықтықта газбен әсер ететін патрондары бар газды қарудан ату жас ағызғыш тітіркендіру әсерінің есебінен бағытты зақымдауға әкелмеуі тиіс.

Мыналарға :

1) бір метрден аз қашықтықта кез-келген қарудан газды әсері бар патрондармен а т у ғ а ;

2) айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға, жүкті әйелдер мен балаларға кез-келген қарудан газбен әсер ететін патрондармен атуға тыйым салынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы N 5 5
бұйрығымен бекітілген

Сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар өзін-өзі қорғау қаруының жарақат салу факторларының адамға әсер етуінің рұқсат етілген нормалары

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондар жарық сәулелену мен акустикалық қысым әсерінің есебінен адам денсаулығына орта және ауыр дәрежедегі зиян келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондар адамға орта және ауыр дәрежедегі дене зақымын келтірмеуі тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінен бір метр және одан аса қашықтықта эталонды өзін-өзі қорғау қаруынан ату кезінде сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондар адамның кемінде 30 минутқа белсенді әрекетке қабілетін жоғалтуы тиіс.

Ұңғының ауыз кесігінің артынан 0,5 метрден аса қашықтықта сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондары бар қарудан ату жарық сәулелену мен акустикалық қысым әсерінің есебінен бағытты зақымдауға әкелмеуі тиіс.

М ы н а л а р ғ а :

1) бір метрден аз қашықтықта кез-келген қарудан сәулемен, дыбыспен әсері бар п а т р о н д а р м е н а т у ғ а ;

2) айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға, жүкті әйелдер мен балаларға кез-келген қарудан сәулемен, дыбыспен әсер ететін патрондармен атуға тыйым салынады.